

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Қазақ гуманитарлық заң университеті

“ Экономика және қаржы ” факультеті

“Экономика” кафедрасы

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: “Қаржының Қазақстан
Республикасындағы ролі»

Орындаған: _____

Қабылдаған: _____

Астана-2007 ж.

Мазмұны

Кіріспе

ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЛАТЫН РӨЛІ.....	3
--	----------

1. Қаржының мәні, функциялары және рөлі

1.1 Қаржы ұғымы, оның мәні мен қажеттілігі.....	5
1.2 Қаржы-ақша қатынастарының жиынтығы, олардың ажырағысыз бөлігі.....	7
1.3 Қазақстанда қаржы нарығының қалыптасуы.....	11

2. Қазақстанның қаржы секторы

2.1 Қазақстанның қаржы жүйесінің даму бағыттары.....	27
2.2 Қазақстан Республикасындағы қаржы жүйесінің сызбасы.....	30
2.2 Қазақстанның нарықтық экономикасына қаржы менеджментінің қажеттілігі.....	33

Қорытынды

Қазақстан Республикасында қаржы нарығының тұрақты дамуы- Қазақстанның бәсекеге қабілеттігін дамытуда.....	35
---	----

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	38
---	-----------

Кіріспе:

Нарықтық қатынастардың құрылымында да мемлекет тарапынан оларды реттеу механизмінде қаржы зор рөл атқарады. Қаржы нарықтық қатынастардың құрамды бөлігі және мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралы. Бұл орайда қаржының әлеуметтік-экономикалық мәнін түсіне білудің, оның іс-әрекер етуінің ерекшеліктерін терең ұғынудың, Қазақстан экономикасын ойдағыдай дамыту мақсатымен қаржы ресурстарын неғұрлым толық және ұтымды пайдаланудың әдістері мен амалдарын көре білудің маңызы зор.

Қазақстанда ел экономикасының нақты секторының қарқыны жыл өткен сайын бәсеңдей түссе де, қаржы саласы керісінше 6 жыл бойына дамуын үдетіп келеді. Бүгінде бұл саланың майын ішкен мамандарды алаңдатып отырған жайт өсу қарқыны артқан сайын болмай қоймайтын проблемалар алдыдан шығады. Мұндай кезінде шешпесе, онда нарықтың дамуын төжейді.

Жыл көрсеткіштеріне үңілсек, мынаны аңғарамыз: қаржы секторының дамуының сандық нәтижелері өткен жылдардағыдай жоғары болатындығы күмәнсіз. Нарықтың қазіргі жағдайы қаржы секторының өсімі әлі күнге дейін экономиканың дамуы өрісінен әлде қайда жоғары күйінде. Мұның дәлелдер жетерлік. Банкілердегі депозиттердің 2005 жылдың 10-шы айында 1,3 есе өскендігі экономикаға салынып жатқан несиелердің 1,5 есе артқандығы осының айғағы. Дегенмен Қазақстанда қаржы саласында өтеген-ай деген де нәтиже бар. Айналымдағы мемлекеттік базалы қағаздардың үлес салмағы азайып кетті. Мұны қаржы саласының мамандары оңай түсіндіреді. Ұлттық Банк бюджеттің берекесін кетірмеу үшін амалсыздан шығып шаралар қолдануға мәжбүр.

Біздегі көңіл сүйсінерлік нәтижелер қаржы қызметін көрсету саласына қатысты. Қаржының Қазақстан экономикасының дамуындағы ролін айтатын болсақ – мақтанды етерлік жағдайлар жетіп артылады. Банк жүйесінің активтері 2005 –ші жылдың 10-шы айында 1,4 есе артты, бұл орайдағы жылдық көрсеткіш төрт триллиондық межеге жеткені. Екінші жыл қатарынан сақтандыру рыногының нәтижесі де көңілге үміт себегілейді. 1,5 есе

артқандығы осыған дәлел болып алады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінде қарқынды өсіп келеді. Сандық көрсеткіштердің өсімі тұрақты сипат алғандығы үлкен мінбелерден үнемі айтылады. Қаржыгерлердің 5-ші конгресінде де бұл мәселе егжей-тегжейі сөз болды.

Еуропалық қайта құру және даму банкінің басшысы Жан Леллердің де бұған қарсы айтар уәжі жоқ. Қазақстанның қарышты қадалсын толық мойындайды, көрсеткіштердің елеулі екендігіне де ден қояды, дегенмен, мұның бірқатар проблемаларды қоса-қабат алып жүретіндігін де жоққа шығармайды. Оның ойынша: «Тәбысқа жету аздық етеді, маңыздысы- осы табысты әрмен қарай басқара біту керек». Бұл ретте ол алдымен Қазақстанның Банкілерінің халықаралық рынокқа, әсіресе, бұрынғы ТМД елдеріне ұмтылуының кең ойластырылып, барып жүргізілуі керектігін ескертеді. Егер халықаралық стандарттарға сәйкес шаралар жүзеге асып жатса, онда үркенді жолы бола қоймас еді. Бұған қол жеткізілсе, болуы мүмкін дағдарыстарды айналып өтуге негіз бар. Негізі – Қазақстан елінің қаржы жүйесіне халықаралық рыноктың сенімі артуға тиіс. Бұл үшін корпоративтік басқарудың көшенді жүйесін құру, басқа да маңызды компоненттерге көңіл бөлу талап етеледі. Қысқасы, Қазақстанның қаржы секторының түйінді мәселелеріне осы бастан назар аударған жөн. Әйтпесе, уақыттан ұтылу өз алдына, өзекті мәселелер бой бермей кетеді. Капиталды артырудың қажеттілігі, неғұрлым мәлдірлікті қамтамасыз ету мәселесі, корпоративтік басқаруға қатысты өзекті жайттар, банктердің сырттан қаржы алуына, сыртқы рыноктағы бизнестің дамуына орай туындап отырған тәуекелдіктің мән-жайы, өзара сақтандыруды дамытуға күш салыну керектігі мінбелерден аз айтылмайды. Мәселе – осылардың нақты сипат алуында. Жалпы Қазақстан экономикасының дамуына қаржының алар орны ерекше.

1.1 Қаржы ұғымы, оның мәні мен қажеттілігі.

Қаржы қоғамда нақты өмір сүретін, объективті сипатымен айырша қоғамдық арналымы бар өндірістік қатынастарды білдіретін ақшалай қаржы ресурстары мен қорларды жасау және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды қамтып көрсететін тарихи қалыптасқан аса маңызды экономикалық категориялардың бірі болып табылады. Ол натуралдық шаруашылықтан жүйелі тауар – ақша айырбасына көшу жағдайында пайда болып, дамыды және мемлекеттік және оның ресурстарға қажеттіліктерін дамуымен тығыз байланысты болды.

Қаржының мәні, оның даму заңдылықтары, тауар-ақша қатынастарының қамту сферасы мен қоғамдық ұдайы өндіріс процесіндегі ролі қоғамның экономикалық құрылымы мен мемлекеттің табиғатымен және функцияларымен айқындалады.

Түрлі қоғамдық-экономикалық формациялар қаржысының айырмашылығы негізінен мына себептерге байланысты:

-әр түрлі қоғамдық формацияға қоғамның өзіне мәнілікті таптық құрылымы сай келеді. Сонымен бірге қаржы ұлттық табысты мемлекеттің пайдасына қайта бөлуді ұйымдастыра отырып, оны бөлудің қатынастарын есепке алады;

-кез келген қоғамдық-экономикалық формацияларда қаржы бипеуші таптың мүдделерін қорғайтын мемлекеттің мақсаттары мен міндеттеріне бағынады;

-өндірістің жаңа әдісі шаруашылық қатынастардың жаңа жүйесін тудырады. Мәселен, күл келеуші және феодалдық формацияларға натуралдық қатынастар сәйкес келсе, мемлекет табысының қалыптасуы да көбінесе натуралдық сипатта болды. капиталистік шаруашылық тауар-ақша шаруашылығы болып табылады. Тіксініше мемлекеттің табысы да ақша нысанында қалыптасады;

-егер мемлекет басқару органы ретінде қалыптасқан өндірістік қатынастардың ұдайы өндірісі мен таптық құрылыстың міндеттеріне қызмет ететін болса, онда бұл міндеттерге қаржы да қызмет етеді.

Құн категорияларының жүзесінде қаржы белгілі орын алады және өзінкі ішкі ерекшеліктерімен, сонмен бірге ұдайы өндірістегі өзгешелік ретінен айшықталады. Қаржының құндық бөлу стадиясында жұмыс істейтін басқа экономикалық категориялардан –кредиттен, жалақыдан және бағадан айтарлықтай айырмашылығы бар.

Қаржы ғылыми ұғым ретінде қоғамдық өмірде сан алуан нысандарда пайда болатын қызметтермен ассоциацияланады және міндетті түрде ақша қатынастарының қозғалысымен қосарлана жүреді.

Қаржы -ақша қатынастарының жиынтығы, олардың ажырағысыз бөлігі, ол әрқашан экономикалық жүйе шеңберіндегі қоғамдық ұдайы өндірістің түрлі субъектілері арасындағы бүкіл ақша қатынастарын емес, тек айрықша ақша қатынастарын білдіреді, сондықтан оның рөлі мен маңызы экономикалық қатынастарда ақша қатынастарының қандай орын алатындығына байланысты.

Жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлу және қайта бөлу процесінде қалыптасып отырып, қаржы қоғамның тұтынып отырған материалдық ресурстар бөлігінің ақшалай тұлғалануы болып табылады. Қаржының басты белгілерінің бірі – оның тұлғалануының ақша нысаны және ақшаның нақтылы қозғалысымен қаржы қатынастарының бейнеленуі. Демек, қаржы қатынастарының пайда болуы өзі жайында әрқашан ақшаның нақтылы қозғалысымен аңғартып отырады.

1.2 Қаржы — ақша қатынастарының жиынтығы, олардың ажырағысыз бөлігі.

Қаржы әрқашан экономикалық жүйе шеңберіндегі қоғамдық ұдайы өндірістік түрлі субъектілері арасындағы бүкіл ақша қатынастарын емес, тек айырықша ақша қатынастарын білдіреді, сондықтан оның рөлі мен маңызы экономикалық қатынастарда ақша қатынастарының қандай орын алатындығына байланысты.

Жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлу және қайта бөлу процесінде қалыптаса отырып, қаржы қоғамның тұтқиылды пайдалануға жіберілетін материалдық ресурстар бөлігінің ақшалай қаражаты болып табылады. Қаражаттың басты белгілерінің бірі - оның қалауынсыз ақша нысаны және ақшаның нақтылы қозғалысымен қаржы қатынастарының бейнеленуі. Демек, қаржы қатынастарының пайда болуы өзі жайында әрқашан ақшаның нақтылы қозғалысымен жақсартып отырады.

Алайда қаржы ақша қатынастарының бүкіл сферасын қамтиды деп санау дұрыс болмас еді. Ақша қатынастары ішнен тек олар арқылы мемлекеттің, оның аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жасалатын ақша қорлары - бұл қатынастардың мазмұны болып табылады. Ақша қатынастары жалпы алғанда қаржыдан тұрады. Қаржы тек ақша қорларының, атап айтқанда табыстар мен қорлардың қозғалысымен байланысты болатын ақша қатынастарын ғана қамтиды. Басқа ақша қатынастары қаржы шеңберінен шығып кетеді. Қаржы қатынастарының жиынтығына, мысалы, шығындардың барлық түрлерін ақшалай есепке алу мен бақылау жасау, өндірілген өнімді ақша нысанында өлшеу, өзіндік құнды каль-куляциялау және өнімнің бағасын анықтау, ақшалай түсімді есепке алу мен сақтау, ақша айналысын реттеу және басқалары кірмейді. Сауда жүйесі арқылы тауарларды сатып алу және сату (тіпті мемлекет бейшек сауда бағаларын реттеп отырған жағдайда да) кезінде пайда болатын ақша қатынастары да қаржыға жатқызуға болмайды. Себебі мемлекет бұл жерде ақша қатынастарын азаматтық-құқықтық әдіспен реттеп отырады. Ақша қатынастарымен бірігіп кеткен субъектілердің теңдігі (олардың құқықтары

мен міндеттеріндегі тепе-теңдік) бұл әдіске тән өзінше нышан болып табылады. Сонымен бірге қалыптасатын ақша қатынастарының өзіндік қаржылық емес өзгешелігі болады. Кез келген ақша қатынастары қаржы қатынастарын білдіре бермейді.

Қаржының ақшадан мазмұны жағынан да, функциялары жағынан да айырмашылығы бар. Ақша—бұл өз алдымен ассоциацияландырылған өндірушілердің еңбек шығындары өлшенетін жалпыға ортақ балама, ал қаржы — жалпы ішкі өнім мен ұлттық табысты бөлудің және қайта бөлудің экономикалық тетігі, ақша қорларын жасау мен пайдалануға бақылау жасаудың құралы. Ол өндіруге, бөлуге және тұтынуға иқпал жасайды және объективті сипатта болады.

Ұдайы өндіріс процесінің түрлі стадияларына жеке экономикалық категориялардың қатысу дәрежесі бірдей емес.

Ақшаның нақтылы қозғалысы ұдайы өндіріс процесінің екінші және үшінші стадияларында — бөлу және айырбастауда болады.

Екінші стадияда ақша нысанындағы қаржының қозғалысы тауарлардың қозғалысынан оқшауланады және оның шектелуімен (бір келенушілерден басқа келенушілерге өтуімен) немесе қаржының әр бөлігінің мақсатты оқшаулануымен (бір келенушінің шеңберінде) сипатталады. Үшінші стадияда бөлінген құн (ақша нысанындағы) тауар нысанына айырбасталады. Бұл жерде қаржының өзінің шектелуі болмайды. Сөйтіп, ұдайы өндірістің екінші стадиясында құнның ақша нысанының бір жақты қозғалысының орны болады, ал үшінші стадияда қаржылардың екі жақты қозғалысы болады, оның бірі ақша нысанында, ал басқасы тауар нысанында болады.

Қаржының іс-әрекет етуінің жиынтық қоғамдық өнімді бөлу стадиясында асқан дәрежеде көрінетіндігі қаржы үшін көпшілікке танылған болып саналады. Сонымен қаржы мен қаржы қатынастарының қатынасы болып, іс-әрекет ететін орны ақшаның нақтылы қозғалысы болатын ұдайы өндіріс процесінің бөлу стадиясы болып табылады. Мұнда жалпы қоғамдық өнімнің құны және оның маңызды бөлігі — ұлттық табыс *ағзамыз бөлу** процесіне ұшырап, мақсатты арналым мен субъектілер бойынша бөлінеді. Бұл процестің нәтижесінде құн оны

құрайтын микроэлементтерге — *Ж, К*, және белгіштік қатынастардың ерекше сферасы ретінде қаржының өміні өз алдымен белгіштік функцияның көмегі арқылы көрінеді. Тапсақ функция арқылы қаржының құрамдық айналымы — шаруашылық жүргізудің әрбір субъектісін оған қажет арнаулы мақсатты ақша қорлары нысанында пайдаланылатын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Жалпы қоғамдық өнімнің құны (оның ақша нысанында), сонымен бірге ақша нысанында саналанатын ұлттық байлықтың бір бөлігі қаржының белгіштік функциясының іс-әрекетінің объектілері болып табылады.

Қарамжында мақсатты арналымның қорлары қалыптасатын ұдайы өндірістік процестің қатысушылары болып табылатын саяси және жеке тұлғалар (мемлекет, кәсіпорындар, бірлестіктер, мекемелер, азаматтар) қаржылық бөлудегі субъектілер болып келеді.

Қаржының көмегімен белгіштік процесс қоғамдық өмірдің барлық сфераларында — материалдық өндірісте, айналыс және тұтыну сфераларында өтеді. Бөлудің қаржылық өндістері экономиканы басқарудың түрлі деңгейлерін: жалпы ұлттық, аумақтық, жергілікті деңгейлерді қамтиды. Қаржылық бөлініске бөлінудің әр түрлі түрлерін — ішкі шаруашылық, ішкі салалық, салаларалық, аумақ аралық бөліністі тудыратын көпсалалық қаржы.

Бөлу функциясы қаржы құралдарының құрамдық жалпы өнім мен оның аса маңызды бөлігі — ұлттық табысты, сондай-ақ ұлттық байлықтың бір бөлігін (мысалы, айналым қаражаттарын, мемлекеттік мүлікті сату операцияларын шығарып тастағанда) бөлу және қайта бөлу процесінде пайдаланған кезде көрінеді. Бұл функцияны қаржы өнімді өздігінше бөле береді деген мағынада емес, қаржы тек жасалған өнімді бөлуді ғана ортақтастырып, жүзеге асырады деп түсіну керек. Былай деп айтқан дұрыс: өнімнің натуралдық-заттай құрамын бөлу ақша қорларымен бөлу арқылы жасалады.

Қаржының экономикалық ролі мына бағыттардан көрінеді:

Қаржы капиталдың айналымын тездеті отырып, кәсіпорындардың, фирмалардың өндірістік қызметі тиімділігінің есуіне жағдай жасайды;

кірістер мен шығыстарды ұдайы салыстырып отыру арқылы қаржы кәсіпорындардың, фирмалардың коммерциялық есебін нағайтып, дамытады;

қаржы ақша қорларын бөлу және қайта бөлу арқылы экономикалық процесудің ара салмағын қамтамасыз етеді;

қаржы ұлттық табыстарға қорлану және тұтыну қорларының үйлесу тиімділігін арттырудың экономикалық негізін жасайды;

қаржы ұлттық экономикада меншіктің сан алуан нысандарының және шаруашылық жүргізу нысандарының дамуына мүмкіндік туғызады.

Сонымен бірге қаржы онтайлы ұлттық шаруашылықтың ара салмағын қамтамасыз етуде белсенді рол атқарады: олардың көмегімен экономикалық және әлеуметтік дамудың индикативтік жоспарының басты элементерінің өзара теңдестірілуіне көл жетеді; қаржы қорларын жоспарлы пайдалану қоғамдық ұдайы өндіріске қаржының ынталандырығыш ролін күшейтуге арналған негізгі қаржылық көрсеткіштерді мемлекетке орталықтандыра отырып анықтауға жағдай жасайды.

Қаржы көмегімен жететін нәтижелерді бағалауға жалпы түсіндірме қаржының ролін 3 бағытта атқаруға мүмкіндік жасайды:

1) айнымалы ұдайы өндірістік қажеттіліктерін қажеттігі қаржы көздерімен қамтамасыз ету тұрғысынан;

2) қаржыны қоғамдық өндірістік құндық құрылымын ретлеу үшін пайдалану тұрғысынан;

3) қаржының әлеуметтік - экономикалық дамудың ынталандырмасы ретінде пайдалану тұрғысынан.

1.3 Қазақстанда қаржы нарығының қалыптасуы

Қазақстанның қаржы жүйесін реформалауда жеткен жетістіктер:

Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттіктің құрылуы қаржы секторының қызметін жақсартуға бағытталған қадамдардың бірі. Қазақстан Республикасында агенттік 2004 жылдан бергі кезеңде қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша біраз жұмыстар атқарды. Атап айтсақ банк секторында банк топтарын қадағалауды және реттеуді одан әрі дамыту мақсатында Агенттіктің Шоғырландырылған қадағалау тұжырымдамасы бекітілді. Банктердің шетелдік операцияларының өсуімен байланысты елдік тәуекелдерді азайту мақсатында Қазақстан Республикасының рейтингінен төмен рейтингті бар елдерде жүргізілетін активті операциялар бойынша банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігіне қойылатын талаптар өсті.

Кредиттік тәуекелдерді төмендету мақсатында «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Сақтандыру секторына қатысты айтсақ, жинақтаушы, оның ішінде аннуитеттік сақтандыруды дамытуды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Рынок көлемін ұлғайту және шетелге қайта сақтандыру үлесін азайту мақсатында сақтандыру ұйымдарын кезең-кезеңмен капиталдандырудың үш жылдық жоспары қабылданды.

Қазақстан аумағында заңсыз сақтандыру қызметінің алдын алу және жол бермеу мақсатында Агенттіктің және құрық қорғау органдарының бірлескен ішаралар жоспары бекітілді.

Осындай жұмыстардың бір парасы бағалы қағаздар рыногына қатысты болды. Атап айтқанда, талап ету құқықтарын басқаға беру және ойнауланған тәуекелдерді қаржыландыру сияқты қаржыландырудың құрылымдық нысандарын дамыту мақсатында «Секьюритизация туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасы әзірленді. Операциялық және кредиттік тәуекелдерді ескере отырып, төлем қабілеттілігін және қаржылық

тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары капиталының жеткіліктілік нормативі қайта қаралды.

Қазақстанда ұжымдық инвестициялау нышандарының дамуын жетілдіру және ынталандыру және жеке инвесторлардың қаражатын жұмылдыратын инвестициялық қорлардың пайда болуы мақсатында «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Бағалы қағаздар рыногы қызметінің стандарттарын белгілеу, корпоративтік басқаруды жақсартуға арналған ынталандыру шараларын құру және тәуекелге барынша бейім қаржы рыногының салаларында қадағалау ресурстарын шоғырландыру үшін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының дамуының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді.

Қабылданған тәуекелдерді ескере отырып, төлем қабілеттілігін және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан қаржыгерлерінің IV- конференсында Елбасы алға қойған жеті міндеттің бірі ретінде Алматыда халықаралық қаржы орталығын құру мәселесі аталды. (Мәліметтер Егемен Қазақстан газетінің 2005 жылдың 27-тамызда жария көрпен «Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы және қаржы ұйымдарын ретлеу мен қадағалау жөніндегі агенттіктің төрағасы **Болат Жәмішевпен сұббаттан**» алынды.) Осы бағыттағы жұмыстар:

Агенттік Алматы қаласын қаржы орталыға ретінде дамыту мәселесі жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге белсенді түрде қатысуда, Жұмыс тобының құрамына республика Үкіметінің, Алматы қаласы әкімдігінің, Ұлттық банктің және Агенттіктің өкілдері кірді.

Бедомстваралық жұмыс тобының жұмысы шеңберінде, Сингапур, Дублин (Ирландия), Дубай (БАӘ), Лабуан (Малазия) сияқты қалалардың халықаралық қаржы орталықтарын құру және дамыту тәжірибесі зерттелді. Жоғарыда аталған жұмыс тобының жұмыс қорытындысы бойынша республика Үкіметі мақұлдаған және құрудың үлгі шарттарын айқындайтын Алматы қаласында халықаралық қаржы орталығын құру тұжырымдамасы әзірленді.

Қазіргі уақытта Алматы қаласын қаржы орталығы ретінде дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары ведомстваралық келісуден өтуде.

Агенттік шоғырландырылған қадағалауды жетілдірудің жолдарын қарастырды. Оның басты ерекшеліктері Қазақстан Республикасының лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын әзірлеу және іске асыру банк қызметін лицензиялау рәсімін ырықтандыру мақсатында, сондай-ақ шоғырландырылған қадағалау рәсімі бөлігінде банктік топтардың қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамалардың талаптарын жетілдіру және оларды халықаралақ стандарттарға сәйкес келтіру үшін қажет.

Аталмыш заң жобасын қабылдау банктердің шоғырландырылған негізде инвестициялық қызметіне және қаржы ұйымдарындағы тәуекелді басқару жүйесінің талаптарын реттеуге, оның ішінде:

-банктік, сақтандыру заңнамаларымен, бағалы қарадар рыногы туралы заңнамамен және қаржы ұйымдарына бақылауды немесе ықпалды жүзеге асыратын тұлғаны (ірі қатысушы, холдинг, аффилирленген тұлға, бақылау құқығы) айқындау барысында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы ұғымды біріздендіруге;

-қаржы топтарына қатысушылардың және аффилирленген тұлғалардың қызметіне байланысты қаржы ұйымдарының тәуекелдеріне толығырақ баға беруді және реттеуді қамтамасыз етуге;

-меншік иелері құрылымының айқындылығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге, қаржы ұйымдарының, бірінші кезекте банктердің аффилирленген тұлғалары туралы толығырақ мәлімет алуға және қаржы ұйымдары мен қаржы топтарының бар тәуекелдерін жою үшін түзету шараларын қабылдауға;

-банктердің аффилирленген тұлғалармен жасайтын мәмілелеріне қадағалауды жетілдіруге;

-шетелдік банктердің қазақстандық қаржы рыногына кіруі жөніндегі талаптарды оның жиынтық жарғылық капиталға басқару органдары құрамына қатысуына және қызметкерлердің пайыздық ара қатынасына лимит жөніндегі шектеулерді алып тастауға қатысты бөлігінде ырықтандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Елімізде тұтастай алғанда қаржы жүйесінің дамуы өте жақсы. Бірақ бағалы қағаздар рыногы оның ең әлсіз буыны. Бағалы қағаздар рыногының дамуына мүмкіндік беретіндей ақпараттық база жасалған. Бірақ бағалы қағаздар рыногының дамуына көптеген кедергілер бар. Атап айтсақ, қазақстандық қор рыногының ерекшелігі онда банктер мен жинақтаушы зейнетақы қорлары сияқты консервативті институттық инвесторлардың басым болуы және қайталама рыноқтың төмен өтімділігі болып табылады.

Рыноқтың төмен өтімділігінің себебі айтарлықтай көп. Ақциялар рыногының төмен өтімділігі стратегиялық инвесторлардың мүддесінің басым түсуімен түсіндіріледі. Егер облигациялар рыногы жөнінде айтсақ, бұл сегмент жақсы қарқынмен дамуда, бірақ бұл тек қана бастапқы рынокқа қатысты.

Егер сандық көрсеткіштерге рыноқтың көлемі жағынан қарайтын болсақ, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «А» және «В» санаты бойынша сауда сақтықты ұйымдастырушылардың ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар жөніндегі жалпы капиталдандырылуы 1198,146 млн. теңге болды, бұл көрсеткіш 2004 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен салыстырғанда 68,64 % - ға ұлғайды. Бұл ретте облигациялар бойынша рыноқтың капиталдандырылуы 47,42 % - ға артқан.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша жалпы ішкі өнімде алғандағы капиталдандырудың қатынасы пайыздық көрсетуде 2005 жылғы 1 қаңтарда: ақциялар бойынша – 9,42% облигациялар бойынша -12,6 %-ды құрады.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша Қазақстандық қор биржасында жасалатын мәмілелер көлемінің жалпы ішкі өнімге қатынасы 7,14% болды.

Қазақстанның ішкі рыногында облигацияларды бастапқы орналастырудың айтарлықтай көлеміне қарамастан, қайталама рынок өтімсіздік күйінде қалуда. Бұған рынокта жинақтаушы зейнетақы қорлары сияқты институттық – инвесторлардың басым түсуі негізгі себеп болып отыр, олардың стратегиясы айтарлықтай белсенді алыпсатарлық операциялар жасамай, қарыз

құралдарын өтелгенге дейін ұстауға негізделген Зейнетақы қорлары активтерінің ЖІӨ - ге қатынасы Франциядағы осындай көрсеткішпен шамалас және Испания мен Германияның көрсеткішінен көп төмен емес. Бірақ, Қазақстан экономикасының ауқымты бұл елдердің экономикасынан көп төмен.

Қазір жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы қаражатын салымшылардың шоттарына жинақтап жатқандықтан жақын арада төлемдер жасала қоймайды. Тек біраз уақыт өткеннен кейін ғана мұндай жағдай зейнетақы төлемдері жасалуымен тепе-теңдікте не болады, сол кезде барып зейнетақы қорларының саясаты өзгереді шығар. Өйткені олар өтімді қайталама рынокта мүдделі болады.

Осылайша қазіргі уақытта Қазақстанда бағалы қағаздардың қайталама рыногының дамымағандығы туралы мәселе өткір қойыпуда. Белгілі болып отырғандай, қайталама рынок инвесторлар үшін өтімділікті қамтамасыз етеді, сөйтіп бастапқы рынокты дағдайтады.

Салыстыру үшін айтсақ, АҚШ рыногында қайталама рынокта сатылатын бағалы қағаздар үлесі бағалы қағаздармен жасалатын барлық мәмілелердің 99% құрайды.

Қазақстан Бүкіләлемдік сауда ұйымының табалдырығында тұр. Соған орай Қазақстанның қаржы саласы халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істеуді жолға қойды.

Республиканың қаржы секторы өз дамуында тұрақтылықты нығайтуға, адамдардың сенімін күшейтуге және қаржылық ұйымдардың деңгейін көтеруде елеулі жетістіктерге қол жеткізді.

«Бұған әрі елдегі инфляцияның төмендігі мен ішкі жалпы өнімнің айтарлықтай жоғарылығы тымді әсер етті». Оның үстіне Елдегі жеке тұлғалар арасында несие берудің ұтымды ұйымдастыруы мен ипотекалық несиенің қауырт өсуі қазақстандық қаржы институттарының дамуына қарқын қосты. Банкілердің ішкі қорды дамытуға үлес қосуы, тәуекелділік және қаржы-несие сақтағыру ісіндегі кейбір түйінді мәселелерді шешудің қажеттігі және бағалы қағаздар рыногындағы асуал да сөз болды. Қазақстандық қаржы рыногының тұрақтылығында елдегі саяси тұрақтылық пен мемлекет басшылығы жүргізіп

отырған тиімді экономикалық аяқсаттың зор ықпалы айқын сезіледі. Міне, осындай артықшылықтар Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге сәтті мүмкіндіктер тудырады. Себебі, қаржы рыногы елдегі саяси-экономикалық тұрақты. Бүкіләлемдік Банк Қазақстанды инвестиция үшін мейлінше тартымды елдердің жиырма мемлекеттік қатарына қосты. Инвестор бағалы қағаздар рыногындағы ең басты кәсіпкер болып саналады. Сондықтан олардың іс-әрекеті қаржылық ресурстарды барынша тиімді және оңды пайдалану мәселесіне келіп тіреледі. Алматы қаласының өндірілік қаржы орталығы болуын қалыптастыру бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамытуға, оның халықаралық капиталмен интеграцияландыру ісін қалыптастыруға, Қазақстан экономикасына инвестиция тартуға, сондай-ақ қазақстандық капиталдың шетелдік қаржы рыногына шығуына ықпал жасайтын болды.

Қазақстан Республикасының қатаң түрде орталықтандырылған жоспарды экономикадан қарқынды жаңа, мемлекет тарапынан реттелініп отыратын нарықтық экономикаға көшуі елімізде оған қызмет көрсететін барлық институттармен бірге қаржы рыногының құрылуын талап етті. Қазақстанда қаржы рыногы бұрын-соңды болған емес.

Қаржы рыногы- бұл, ең алдымен дербес экономикалық категория ретінде бағалы қағаздарды сату мен қайта сату жөніндегі операцияларды жүзеге асыру жолымен кәсіпорындардың, фирмалық, банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, сақтық институттарының, мемлекеттің және халықтың уақытша бос ақшасын жұмылдыруды, бөлуді және қайта бөлуді қамтамасыз ететін нарықтық қатынастардың жиынтығы. Ол нарықтық қатынастар жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады және тауар, ақша, кредит, сақтық, валюта және басқа рыноктармен (капитал, жұмыс күші, тұрғын үй, жер, алтын және т.б. рыноктармен) етене байланысты.

Қаржылық қатынас Қазақстанның экономикасының дамуының негізі болып табылады. Қаржы ресурстарының айнымалы мен қайта бөлінуі қаржы рыногын анықтап беретін өзіндік аймақты қалыптастырады. Нарықтық экономика жағдайында қаржы нарығы тұтастай алғанда елдегі нарықтық қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. «Қаржы» ұғымы

қалыптасқан әлемдік тәжірибе мен әрбір мемлекеттің экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктеріне сай әртүрлі түсіндіріледі.

Қаржы рыногы – ақша, депозит, несие, валюта, қор, сақтандыру, зейнетақы нарықтарының қаржылық құралдарымен ұйымдастырылған сауда жүйесін білдіреді. Мұнда ақша қаражаттарының ағымын меншік иелерінен қарыз алушыларға бағыттал отыратын қаржы институттары негізгі роль атқарады. Онда төлем құралдары мен бағалы қараздар тауар ретінде қолданылады. Қаржы рыногы көз келген нарық секілді қаржы ресурстарының сатушылары мен сатып алушылары арасындағы тікелей байланысты орнатуға арналған.

Қаржы – бұл капиталға деген сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру шеңберінде делдалдардың көмегімен несие берушілер мен қарыз алушылар арасындағы капиталды қайта бөлу механизмінің жүйесі. Тәжірибеде ол ақша қаражаттары ағымын меншік иелерінен қарыз алушыларға және олардан кері бағыттайтын қаржы мен несие институттарының жиынтығын білдіреді. Қаржы нарығының негізгі функциялары мыналар:

реттеушілік – оның көмегімен мемлекеттік басқару органдарының және өзін-өзі реттеу ұйымдарының тарапынан нарықты реттеу жүзеге асырылады;

ақпараттық – қаржы рыногына қатысушылардың барлығына ақпараттарға толық және теңдей қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

Бөлу – қаржы құралдарының айналысы ақша қаражаттарының құйылымын экономиканың бір саласынан екіншісіне, нарықтың бір қатысушысынан екіншісіне, бір аймағынан екіншісіне өтуін қамтамасыз ете отырып, қаржы ресурстарының бөлінуіне әсер етеді;

-коммерциялық – қаржы рыногындағы жүзеге асырылатын операциялар мәмілеге қатысушылардың барлығына қандайда бір табыс әкеледі;

-баға белгілеу – қаржылық құралдардың базасы нарықта еркін бәсекелестік жағдайындағы сұраныс пен ұсыныстың әсерімен қалыптасады.

Қаржы жүйесімен жүзеге асырылатын уақытша бос ақша ресурстарының әр түрлі инвестицияларға айналуы ақша ресурстарының әр түрлі инвестицияларға айналу процесі қаржы нарығының қызметімен тікелей

байланысты. Егер қаржы ресурстарын шоғырландыру мен орналастыру процесінде қаржы институттарының негізгі рөлі меншік иелерінен қарыз алушыларға қаражаттардың мүмкіндігінше тиімді өтуін қамтамасыз ету болып табылса, онда қаржы ресурстарын сатушылар мен сатып алушылардың арасындағы қаржылық активтер мен пассивтермен сауданы ұйымдастыру қаржы рыногының міндеті болып табылады. Мұндай нарықтардағы сатушылар мен сатып алушылардың экономикалық субъекті ретіндегі үш тобы бар:

- үй шаруашылығы (жеке тұлға);
- меншік формасына қатыссыз барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер;
- мемлекеттік басқару органдары.

Олардың кез келгені нақты уақыт кезеңінде өз бюджетінің балансыталған, оның дефициті мен профициті жағдайында болуы мүмкін. Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекетте қаржылық қаражаттарды қарызға алу қажеттілігі немесе уақытша бос қаражаттарын өзіне тиімді шартпен орналастыру мүмкіндігі пайда болды. Қаржы түпкі мәні бойынша әлеуетті сатушылар мен сатып алушылардың, сондай-ақ депдал институттардың мүдделерін тиімді ескеріп, жүзеге асыруға арналған.

Нарықтық экономика өндірістің әлдеқайда тиімді ұйымдастырудың формасы. Бұл көптеген әлем елдерінің даму тәжірибесімен дәлелденген. Қазақстан Республикасы үшін шаруашылық жүргізудің жаңа әдістері қаржы нарығының әлеуетті мүмкіндіктері, ең алдымен, елдің жан-жақты өсуін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді пайдалануды талап ететін еркін нарыққа өтуді білдіреді. Бұл мағынада қаржының ғылыми-техникалық прогрестің базасында дамитын, жалпы қоғам әл-ауқатының қажетті деңгейіне қол жеткізуі және экономикалық тиімді өсуі үшін барлық экономиканың салаларын ресурстармен қамтамасыз ететін жеке бастамалар мен бәсекелестікке үлкен мән беретін қоғамдық өндірісті ұйымдастырудың озық формасы.

Біздің көз қарасымыз бойынша, қаржы рыногы елдің барлық ақша ресурстарының, сонымен қатар әр түрлі экономика субъектілерінің тарапынан осы ресурсқа деген сұраныс пен ұсыныстың ықпалымен ұдайы мұрағалыс

үстінде болатын ақша ресурстарының жылыстығын білдіреді. Алайда, ақша ресурстары мен шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында тікелей қатынас орнағанда ғана пайда болады. Сонымен, қаржы нарығы – бұл ең алдымен, әр түрлі экономика субъектілерінің арасындағы бос ақша қалыңы мен жинақтары мәлімде жасау жолымен қайта бөлу және олардың қозғалысы бойынша пайда болатын ақшалай қатынастар.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, қаржы рыногының функциясын анықтайтын алғы шарттарға мына факторларды жатқызуға болады:

қаржы ресурстарын қайта бөлуде мемлекеттің рөлін барынша азайту; монополияны шектеу және бәсекелестікті дамыту мақсатында барлық меншік түріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық дербестігін қамтамасыз ету;

бюджет тапшылығын қаржыладыру үшін елдегі Орталық Банктің резервтік қорын пайдалануды тоқтатып, бұл мәселелерді мемлекеттік займдарды, яғни облигациялар және басқа да міндеттемелерді айналысқа шығару арқылы шешу қажет;

бағалы қағаздарға инвестициялануы мүмкін шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың ақшалай табыстарын тұрақты өсуі.

Әрбір елге мазмұны мен ерекшелігін мүмкіндігінше толық ашатын қаржы нарығының құрылымы тән. Қаржының құрылымына қатысты ғалым-экономистердің пікірлері әр түрлі. Сондықтан да оның ғалымдар ұсынған кейбір түрлерін қарастырып, содан соң Қазақстанға тән қаржының құрылымы анықталады.

Г.С. Сейтқасымовтың жетекшілігімен жазылған оқулықтағы Қазақстандық ғалымдар тобының көзқарастары бойынша қаржының құрылымы өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын, дербес қызмет етуші нарықтардан тұрады.

1 Қолма-қол ақша айналысы мен қысқа мерзімді төлем құралдары (вексельдер, чектер және т.б.) функциясын орындайтын нарық. Белгілі болғандай, ақша нарығы инфляцияның

ықпалында болады, егер соңғысы белгілі бір шектен аспаса, жағымды роль ойнауы мүмкін. Мәселен егер ЖІӨ жыл сайын 5%-ға өсіп, ал айналыстағы ақша 6—7%-ға артатын болса, онда бұл өскен ЖІӨнің сақталуын жеңілдетіп, экономикада жағымды процесті тудырады. Егер жыл сайынғы өсімі 5%-ды құрайтын ЖІӨ-де айналыстағы ақшаның саны 10%-ға артса немесе одан да көп болса, онда қалыпты экономикалық процесті бұзатын өршімелі инфляцияорын алады.

2. Ссудалық капитал нарығы, яғни қысқа және ұзақ мерзімді банк несиелері. Осы уақытқа дейін Қазақстанда қысқа мерзімді арзан несие болған емес. Елде қызмет ететін коммерциялық банктер оны тек сенімді қамтамасыз ету әрі жоғары пайыз-шарттарымен ғана береді. Негізгі қорларды құруға және жаңғыртуға қажетті ұзақ мерзімді несиені тек өзгермелі (кезек сайын қарастырылатын) пайыз мөлшері бойынша алуға болады.

3. Қазақстанда көптеген жылдар бойы бағалы қағаздар нарығы мүлдем болған жоқ. 90-шы жылдардың бас кезінде басталған оның дамуы белгілі бір уақытты талап етеді, өйткені ол меншік қатынастарын қайта құрумен (ең алдымен, мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендірумен және акционерлеумен) және мемлекет қаржы саясатының барлық сипатының өзгеруімен тікелей байланысты. Бүгінгі таңда мемлекет бюджет тапшылығының орнын толтыру үшін эмиссиялық ақшалай белгілерге емес, мемлекеттік I бағалы қағаздарды, мәселен, мемлекеттік қазынашылық қысқа мерзімді міндеттемелерді шығаруға жиі қадам жасайды. Бағалы қағаздар нарығын екі ұстаным тұрғысынан бағалауға болады: әр түрлі көздердегі ақша қаражаттарды тартудың көлемі тұрғысынан және бос ақша қаражаттарды қандай да бір нарыққа жұмсау.]

Бос ақша қаражаты көптеген салаларды инвестициялау үшін пайдаланылуы мүмкін: өндірістік немесе басқа шаруашылық қызметте (өнеркәсіп, құрылыс салу, сауда, байланыс), жылжымайтын мүлікте, антиквариатта, бағалы металдарда, егер отандық валюта құнсызданатын болса - валютада, зейнетақы мен сақтандыру қорларында, әр түрлі бағалы қағаздарда, банк

депозитіне салынатын ақшаға. Осылайша, бағалы қағаздар нарығы — бұл еркін капиталдың көптеген қосымша салаларының бірі, сондықтан дәріп осы капиталды өз нарығына шығару (тарту) үшін басқа салалармен бәсекелесуіне тура келеді.

Қазақстандағы қаржы нарықтарының қызмет етуін талдау оның белгілі бір сегменттің, өз ережесі бойынша жеке қызмет етушілерді айыруды, бөлуді ұйғарады.

Талдаудың мақсаттарына және қандай да бір елдің қаржы нарығындағы жекелеген сегменттердің даму ерекшеліктеріне қарай қаржы нарықтарын жіктейтін әр түрлі тәсілдер болады.

Козалевтың түсіндірмесіне орай, қаржы нарығының жіктеуі мынадай:

валюта нарығы — бұл валюталық құндылығы бар объектілер тауар болып табылатын нарық:

шетелдік валюта (ақшалай белгілер — банкноттар, қазынашылық билеттер, заңды төлем құралдары болып табылатын немесе алынатын, бірақ айырбастауға жататын монеталар, шетел мемлекеттерінің ақша бірліктеріндегі, халықаралық немесе есептік ақша бірліктеріндегі шоттардағы құрал);

бағалы қағаздар (чектер, вексельдер, акциялар, облигациялар) және басқа да қарыздық міндеттемелер;

бағалы металдар (алтын, күміс, платина, палладия, иридия, родия, рутения, осмия) және табиғи асыл тастар (алмас, жахат, зүбәржат, сапфир, александрит, меруерт).

Қазақстанда Банкілер, биржалар, экспорттаушылар мен импорттаушылар, қаржы және инвестициялық мекемелер, үкіметтік ұйымдар валюта нарығының субъектілері.

Қазақстанда алтын нарығы — бұл елдің алтын қорын толтыру және жинау мақсаттарында, сондай-ақ бизнесті ұйымдастыру және өнеркәсіп өндірісінің

тұтынуы үшін алтынды сатып алып алумен байланысты экономикалық қатынастар саласы.

Қазақстандағы капитал нарығы өз кезегінде ссудалық капитал нарығы және үлестік бағалы қағаздар нарығы деп бөлінеді. Бұлайша бөліну осы нарықта сатылатын тауарларды (қаржы құралдарын) сатып алушылардың арасындағы және қаржы құралдарының эмитенттері арасында қатынастардың сипатын білдіреді. Егер қаржы құралы ретінде үлестік бағалы қағаздар алға шығатын болса, онда бұл қатынас меншік қатынастарының сипатында болады, ал қалған жағдайларда бұл несиелік қатынас күйінде қалады.

Ссудалық капитал нарығында мерзімділік қайтарымдылық және ақылы шарттарымен ұсынылатын ұзақ мерзімді қаржы құралдары айналыста болады. Ол ұзақ мерзімді банк ссудасының нарығын және борыштық бағалы қағаздар нарығын (ол да ұзақ мерзімді) қамтыйды.

Бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздардың өзі және оларды ауыстырушылар (сертификаттар, купондар және т.б.) шығарылып айналыста болады және жүзгізады.

Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары болып табылатын элементтер — оған қажетті ақша қаражаттарды тарту мақсатында бағалы қағаздарды шығаратын тұлғалар, инвесторлар — табысты алу, мүлкілік және мүлкілік емес құқыққа ие болу үшін бағалы қағаздарды сатып алушы тұлғалар; делдалдар — эмитенттер мен инвесторлардың алға крйған мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз ететін қызмет көрсетуші тұлғалар.

Әлемдегі экономистердің көбісі қаржы нарығының құрылымына сақтандыру нарығын, зейнетақы және ипотека нарықтарын кіргізеді.

Сақтандыру полистері мен зейнетақы шоттарының нарықтары, ипотека нарықтары бұлар қаржы құралдары мен институттары келісім-шарт негізінде әрекет ететін жиірек мекемелері бар ерекше нарықтар. Олардың маңызды міндетті түрде артады; АҚШ-та қаржы активтерінің жиынтық көлемі коммерциялық банктерді, жиірек институттарын, несиелі одақтарын бәрін қосқанда олардың активтер жиынтығынан бір жарым есе көп.

Дамыған елдерге тән капитал нарығының құрамында ипотека нарықтарын бөліп алудың қажеттілігі бірқатар жағдайларға байланысты туындап отыр. Біріншіден, ипотека несиесі әрдайым жер учаскелері немесе үй-ғимараттары (пәтер, жеке салынған үй және т.б.) түрінде нақты кепілдікпен қамтамасыз етіледі. Егер қарыз алушы өзінің борыштық міндеттемесін орындамайтын болса, онда мүлктік құқық (мүлікке ие болу құқығы) қарыз берушіге өтеді. Екіншіден, ипотекалық несиелердің стандартты параметрлері (әр қысы номиналдар, өтеу мерзімдері және т.б.) жоқ, сол себепті де қайталамалы нарықта оның өтуі (сатылуы) қиына соғады. Бұл сөзімізді мынадай факты растайды: ипотекалық қайталама нарығының көлемі ұзақ мерзімді капитал нарығының орналастырылған бағалы қағаздардың қайталамалы нарығының көлемінен көп артпа болады. Үшіншіден, дамыған елдердегі басқа ұзақ мерзімді капитал нарықтарынан ипотекалық нарықтың айырмашылығы — арнайы мемлекеттік органдар оны қатаң реттеп отырады.

Дамыған елдердің тәжірибесінде қаржы құралдарының айналғыс мерзімі бір жылға толмайтын болса, онда бұл ақша нарығы құралы деп саналады. Ұзақ мерзімді және орта мерзімді құралдар капитал нарығына жатады. Әр қысы елдерде қаржы құралдарын қысқа, орта және ұзақ мерзімдерге бөлу әр түрлі болады. Қазақстанда негізінен қысқа мерзімді қаржы құрал-ары ақша нарығының құралдарына қатысты, ал орта және ұзақ мерзімділері - капитал нарығына қатысты. Осылайша, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржы құралдарының арасына ақша нарығы мен капитал нарығының арасындағы сияқты нақты шекара жүргізуге болмайды. Сонымен бірге, бұлайша бөлудің үлкен экономикалық маңызы бар. Ақша нарығының құралдары, ең алдымен бизнес салалары мен мемлекеттік ұйымдардың өтімді қаражаттарын қамтамасыз ету үшін қызмет етеді, өйткені капитал нарығының құралдары жинақ және инвестициялау процестерімен байланысты. Ақша нарығы құралдарының үлгілеріне вексельдерді, банк ақцепттерің, чектерді, банкноттарды, төлем карточкаларын және т.б. жатқызуға болады. Капитал нарығының құралдарына, мәселен, облигациялар, акциялар, орта және ұзақ мерзімді несиелер жатады.

ҚР мемлекеттік реттеу органдарының қаржылық есеп берулерді ұсынуудың белгіленген тәртібіне сәйкес қаржы нарығының құрылымын былайша көрсетеуге болады:

Ақша нарығы. Ақша қаражаты қаржының негізін құрайтындықтан, ақша нарығының маңызы мен мәні алдыңғы қатарға шығады. Қолданысқа енген уақытынан бері әр түрлі формадағы ақшалар операциялар нарығында жүзеге асқан барлық ауыспалы айналымға қызмет етіп келеді және ол кез келген қаржы нарығының бастапқы субстанциясы болып табылады.

Депозит нарығы. Халықтың табысы екі негізгі бөліктен: тұтынуға арналған табыс пен жинақтауға арналған табыстан тұрады. Уақытша бос ақша қаражаттар (жинақ ақша) әр түрлі салым негізінде банкке және қаржы-несие мекемелеріне (тартылған ресурстар) тартылады. Осылайша, ақшалай депозиттерде трансформацияланады, банктер ақшаны пайдаланғаны үшін иелеріне тиісті ақшалай сыйақы-пайыздар төлейді.

Несие нарығы. Депозиттер түрінде банкке түсетін қаражаттың бір бөлігі одан ары несиелер ретінде бөлінеді. Коммерциялық банктер (уақытша бос ақша қаражаттарды шоғырландыру арқылы әр түрлі мақсаттары үшін заңды және жеке тұлғаларға несие береді. Осылайша, ақшалар нарықта несиелер ретінде айналыста болады. Қарыз алушылар бұл несиелерді пайдаланғаны үшін банкке тиісті пайыздар төлейді.

Валюта нарығына Қазақстан нарығында операциялардың бір бөлігі ұлттық валютада, ал оның басқа бір бөлігі шетелдік валютада жүзеге асырылады. Осыған орай, қаржы құралдарының айналысы екі валюта түрінде жүзеге асады. Валюта айырбастауда бойынша операцияның атқарар рөлі үлкен.

Бағалы қағаздар нарығы. Басқа да қаржы құралдары секілді бағалы қағаздар тұтастай қаржы нарығына жағымды әсерін тигізеді. Бағалы қағаздар ақша ресурстарын қайта бөлудің жұмылдырылған қаражаты болып табылады. Мысалы, егер депозитке банк сертификаты рәсімделетін болса, ол одан ары айналысқа түседі. Айналым қаражатын толықтыру үшін несие алу міндетті емес. Оның үстіне, бұл несиені басқа тұлғаға жаңа келісім-шартты бекітіп барып қана бере аласың. Бұл арада борыштық міндеттемелердің біріне

жататын әрі нарықта бос айырғысқа түсіп, өз иесін айырбастай алатын облигацияларды шығарса жетіп жатыр. Қаржы тәуекелдіктерін сақтандыру үшін сатылатын немесе сатып алынатын бағалы қағаздардың бағасын уақыт оздырмай ескертуге мүмкіндік беретін бос бағалы қағаздар болады, ал оларды беру (тапсыру) кейінірек жүзеге асырылады, яғни, бағалық бағалы қағаздардың бағалы жоғарылағанда немесе құлдырағанда сақтандырылады. Осылайша, бағалы қағаз ақша ресурстарының еркін қайта бөлінуіне иқпал етеді.

Сақтандыру және зейнетақы қызметтерінің нарықтары. Бүгінгі таңда зейнетақы қорлары мен сақтандыру компаниялары Қазақстандағы нарықта өз қызметін жүзеге асыратын негізгі қаржы делдалдары болып табылады. Оларда қалыптасқан қатынастар жетінше олардың қаржыға қатысы жөніндегі күмән аз тудырады. Сақтандыру тәуекелділіктері батыстық қаржы теориясында келген кәсіпорынның қаржылық стратегияларының негізгі құрушыларының бірі, бірақ мұнда теорияның негізінде мынадай түрлер болады: әрбір субъекті өзіне жоғалған материалдық қаражат-тардың ресурстардың орнын толтыратын және оларды болдырмаудың көздерін жасап, өз тәуекелділіктерін сақтандырады, яғни тәуекелден сақтанады. Сақтандыру — бұл қайта бөлісу қатынасы. Ол әдетте барлық субъектілерді, бүкіл ел аумағын немесе аймақтық аумағын толық қамтымаса да, бұлардың бір бөлігіне материалдық, не болмаса басқадай зиян шектіріп кететін кездейсоқ залалға қарсы тұру үшін туған амал. Бұл бір субъекті зиян шеге қалған жағдайда басқа сақтандырылған субъектілердің ынтымақтастығымен залалдың орнын толтыруға мүмкіндік береді. 1998 жылға дейін Қазақстандағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі "жұмыс істейтін буын жұмыс істемейтін ұрпақты қамтамасыз етеді, ал алдыңғы ұрпақ еңбекке жарамсыз болғанда оның орнын өз кезегінде жаңа ұрпақ алмастырушы" бағыты нәзарда ұстайтын ұрпақтар ынтымақтастығы" қағидасына негізделген болатын. Әлеуметтік қамсыздандырудың жаңа жүйесі азаматтардың дербес аударымдарына негізделген. Бұл арадағы төлем мөлшері түлғаның салым ақшасының сомасына қарай болады. Зейнетақы және сақтандыру қорлары көптеген елдерде ақшаны өндіріске инвестиция-лаудың

көздері болып табылады, яғни ақша ұдайы өндіріс процесіне белсенді түрде тартылады. Осылайша, сақтандыру компаниялары мен зейнетақы қорлары арқылы шоғырландырылған халықтың қаражаты тұтқи есебінде ұдайы өндіріс процесіне тартылады. Сондықтан да сақтандыру және зейнетақы нарықтары, бір жағынан, нақты қызметті сату-сатып алу нарығымен көзге түссе, екіншіден — ол толық негізде қаржы нарығының құрылымына кіруі қажет.

Барлық типтегі нарықтардың өзара байланысы қаржы нарығының жұмыс істеу шартын анықтап береді, яғни:

ретке келтірілген тауар нарығының болуы (кез келген түрдегі және тағайындаудағы тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс пен ұсыныстың баланстылығы;

ақша айналысын реттеу, елдің ұлттық банк тарапынан қолма-қол ақша және қолма-қолсыз ақша айналыстары бойынша эмиссияны бақылау;

несие нарығын толық белсендендіру және коммерциялау.

Қаржы институттарының бекітуінде осы ұйымдардың Қазақстан нарығындағы рейтингілерін анықтау маңызды орын алады. Қаржы нарығындағы қатынастардың рейтингілерін жоғары ететін факторлардың біріне клиенттердің көптеп тарта білуі, яғни осы институттардың жиынтық қорлануының (жынақтарының) артуы жатады.

2.1 Қазақстанның қаржы жүйесінің даму бағыттары

Республиканың қаржы секторы экономиканың неғұрлым серпінді дамып жатқан салаларының бірі болып табылады. Елде нарықтық қайта құрулардың дамуымен және тереңдеуімен экономика салаларымен субъектілерінің ұсынысымен сұранысына сәйкес капитал ағынының тиімді қайта бөлінуін қамтамасыз ететін негізгі нарықтық тетік ретінде қаржы рыногының маңыздылығымен қызмет аясы кеңейе түсуде.

Қаржылық қызмет көрсетулердің сапасын көтеру қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Агенттік Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасын, сондай-ақ ішкі істерде айтып өткен бағалы қағаздар рыногың, жинақтаушы зейнетақы жүйесін, сақтандыру рыногын дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

Отандық қаржы рыногының және оның реттеу деңгейінің ерекшеліктерін ескере отырып Еуродақ дерективаларың, банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің халықаралық стандарттарың, Сақтандыруды қадағалау органдары халықаралық қауымдастығының, Бағалы қағаздар жөніндегі халықаралық комиссияның, зейнетақы қадағалау органдары халықаралық ұйымының принциптерін енгізу жөніндегі жұмыстарды одан әрі жалғастыруда басты бағыттардың бірі болып табылады.

Бәсекелестікті арттыру мақсатында, оның ішінде бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы институттық- инвесторлар арасында бәсекелестікті күшейту және бағалы қағаздардың қайталама рыногын жандандыру мақсатында мемлекеттік емес бағалы қағаздардың тізімін кеңейту жоспарланған.

Барлық қарастырылып отырған шаралар қаржы жүйесінің жұмысын еліміздің тұрақты экономикалық өсуі жөніндегі талаптарға сәй ұйымдастыруға жәрдемдесуі тиіс.

Қазіргі уақытта банктік қызмет рыногында, әсіресе, жаппымайтын мүлікке байланысты кредиттеу саласында «кредиттік серпіліс» байқалады, бұл төуекел деңгейінің көтерілуіне әкеледі деп жорамалдауға болады. Осыған байланысты банктердің коммерциялық жаппымайтын мүлікпен қамтамасыз

етілген зайындар беруінің сондай-ақ коммерциялық тұрғын үй және бизнестік құрылыс мақсаттары үшін берілетін зайындардың өскелең қарқынды бәсеңдету мақсатында ипотекалық зайындарға, оның ішінде ипотекалық, коммерциялық зайындар мен коммерциялық құрылысқа берілетін зайындарға қатысты меншік капиталының жеткіліктілігіне талаптарды көтеру жоспарланып отыр. Сонымен бірге банктердің кредиттік тәуекелін төмендеті мақсатында, бірінші кезекте коммерциялық жылжымайтын мүлік бойынша ипотекалық зайындарды бөлек жақтау тәртібі енгізілмек. Ол ипотекалық тұрғын үй зайындары және коммерциялық жылжымайтын мүлік құрылысы мақсатында берілетін зайындар бойынша займшының қаржы жағдайын бағалауға қосымша критерийлер белгіленуін көздейді.


Бұған қоса халықаралық тәжірибені оның ішінде Еуроодақ директиваларын ескере отырып, отандық қаржы рыногында брокерлік-дилерлік компаниялар базасында инвестициялық банкті дамыту көзделінеді.

Қаржы жүйесі интеграциялық тұрпатты жүйе болып табылады, оған кіретін элементтердің (қосалқы жүйелердің) тығыз байланысымен және оның қосалқы жүйелердің бірде-бірі өзінше өмір сүре алмайтындығымен сипатталады: қаржы бір жағынан, өндірістік қатынастардың бір бөлігін білдіреді және осы қатынастар жүйесінің элементі болып келеді, екінші жағынан, өзінің функциялық өзіндік ерекшелігі бар өзара байланысты элементтерден тұратын жүйе болып табылады. Функциялық сныптауға сәйкес қаржыларда функциялық қосалқы жүйелер ретінде мыналарды айтуға болады: салық, бюджет, сыртқы экономикалық, қаржылық жоспарлаудың (болжаудың), қаржылық бақылаудың және басқа қосалқы жүйелері (3-кестені қараңыз). Қаржы жүйесінің функциялық белгісі (критерийі) бойынша құрылымы



Қаржы жүйесін сыныптаудың функциональдық критерийінен басқа қаржы субъектілерінің (қаржы қатынастарындағы қатысушылардың) белгісі бойынша сыныптау қолданылады, бұл қаржы жүйесін сфералар мен буындар бойынша: мемлекеттің қаржысына, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысына, халықтың (үй шаруашылығының) қаржысына шектеуге мүмкіндік береді. (4-кестені қараңыз) (кесте мен мәліметтер

Буындардың сыныптамасының матасынған қатары ретінде жоғары элементтері болады: қаржы қатынастары, қаржы қорлары, басқарушы әдістер. Жүйелеудің мұндай қасиеті қаржы жүйесіне интеграциялық сыпат береді.



Қаржы жүйесін құрайтын жеке элементтердің орны мен рөлі бірдей емес. Бастапқы (басты) элемент жүйенің басқа элементтерінің арасында алдыңғы

орынды алады, өйткені және элементтері мен буындардың өзара байланысындағы оның рөлі айқындалушы болып табылады. (кесте мен мәліметтер «Исмаев, К.К., Құлшыбаев, С. Қаржы: жоғары оқу орындарына арналған оқулықтың» Алматы: LEM, 2005. 41-50 беттерінен келтірілген) Бұл – бірінші кезекте мемлекеттік бюджетпен көрінетін мемлекеттің қаржысы.

Мемлекеттің қаржысы - қоғамдық өкілдің құнын ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу туралы, мемлекет пен оның шаруашылық субъектілерінің қарамғына қаржы ресурстарын қалыптастырумен және мемлекеттің қаражаттарын олардың жұмыс істеуімен байланысты шығындарға жұмсаумен байланысты ақша қатынастары. Мемлекеттің қаржысы өзіне мемлекеттік бюджетті, мемлекеттік бюджеттен тыс ірларды, мемлекеттік кредитті кіріктіреді.

Мемлекеттік бюджет – экономиканы, әлеуметтік-мәдени мұқтаждарды, қорғаныс пен мемлекеттік басқарудың мұқтаждарын қаржыландыруға арналған елдің орталықтандырылған қорын жасаумен және пайдаланумен байланысты ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу туралы мемлекеттің заңи және жеке тұлғалармен пайда болатын ақша қатынастарымен көрінетін экономикалық категория.

Мемлекеттік бюджеттен тыс ірлар – ірлардың ұйымдық дербестігі негізінде көшенді пайдаланылатын бірқатар қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін тартылатын қаржы ресурстарын қайта бөлу мен пайдаланудың айрықшалықты нысаны.

Мемлекеттік кредит – мемлекеттік басқару органдарының қарамғына уақытша бос ақша қаражаттарын жұмылдырумен байланысты мемлекеттің заңи және жеке тұлғалармен, соның ішінде шетелдіктермен және оларды мемлекеттің шығындарын қаржыландыруға пайдаланумен байланысты пайда болатын кредит қатынастарының жиынтығы.

Саунадыру – шаруашылық жүргізуші субъектілерге келтірілген мүмкін болған зиянды немесе болған сақтық жағдайларының салдарына байланысты отбасыларының кірістеріндегі ысыраптарды өтеуге арналған ақша жарналары

есебінен мақсатты сақтық қорларын құру туралы оның қатысушылары арасындағы тұйық қайта бөлісетіндік қатынастардың жиынтығы.

Материалдық емес сфераның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржысы. Қаржылардың негізін құрайды, материалдық өндірісте нақтылы еңбек қоғамның қаржы ресурстарының негізгі көзі жасалынатындықтан ол қаржы жүйесінің бастапқы сферасы болып табылады.

Коммерциялық емес сфераның қаржысы. Коммерциялық емес қызмет белгілі бір табыс алуды мақсат етпейді.

Халықтың қаржысы (үй шаруашылығының) қаржысы қаржы жүйесінің ерекше бөлігі болып табылады. Халық өзінің ақша қаражаттарымен жалпы мемлекеттік қаржы жүйесімен және меншіктің барлық нысандарының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өндірістік және өндірістік емес сфералармен қарым-қатынас жасайды. Бұл сан алуан қатынастар халық еңбекке ақы төлеумен, жинақтаушы зейнетақы жүйесінен ақша қаражаттарын төлеумен, материалдық және материалдық емес игіліктерді алумен байланысты; басқа жағынан, халық өзінің ақшалай табысынан халық төлейді, өндірістік және өндірістік емес сфералардың мемлекеттік және басқа мекемелер мен ұйымдардың қызметін төлейді. Мұндай қатынастар айырбасқа жататын сауда органдарында, рыноктарда, халыққа қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдарда (кәсіп, байланыс, тұрмыстық сектор және т.б.) тұтыну тауарлары мен қызметтерді сатып алуға байланысты болатын ақша қатынастарын қоспағанда, қаржы қатынастары болып табыла

2.2 Қазақстан Республикасының нарықтық экономикасындағы қаржы менеджментінің қажеттілігі.

Нарықтық экономика кезінде кез келген мемлекеттің жұмысын басқару жүйесіндегі ең бір ауыр және жауапты бөлімнің бірі – қаржыны басқару. Нарықтық экономикаға көшкен елдерде бұл басқарудың принциптері және әдістері XIX-XX ғасырларда арнайы мамандандырылған білім ретінде қалыптасып, «Қаржылық менеджмент» деген атқа ие болды. Жүз жылдан астам мерзімде қаржылық менеджмент ілімі эволюциялық дамудың жеткілікті ұзақ жолынан өтіп, көптеген өзгерістерге ұшырады.

Қаржының атқарымы және оның қаржы менеджері жұмысында білінуі туралы қаржы әдебиеттерінде екі негізгі (көзқарас) бағыт қалыптасқан:

1 Қаржы екі атқарымды орындайды – тарату және бақылау;

2 Қаржы үш атқарымды орындайды: табысты қалыптастыру; шағын жасау-тарату; тиімді бақылау. Екі бағыттың ішіндегі дұрыс негізделгені – екінші бағыт. Шындығында, қаржыны таратпас бұрын алдыменен табысты қалыптастыру керек. Яғни, ресурстарды қатыстыру арқылы ақша қаражаттары мұрын қалыптастыру қажет.

Сонымен бірінші атқарым қаржы менеджерінің жұмысында қаржы ресурстарын ақша қаражаты мұрына толық шоғырландыру арқылы айқындалады. Атап айтқанда, толық және өз уақытында қаржы ресурстарын белгілі ақша қаражат мұрына жинақтау қаржы несие жүйесінің барлық бөлімдерінің аса маңызды мақсаты болып есептелінеді. Шындығында табыстың толық түспеуі, яғни өз уақытында сатылған тауарлардан түсімнің түспеуі, өндірісті қаржыландыру мен әлеуметтік төлемдерді төлеуді, т.б. қиындатады. Бұл дегеніміз – қаржы менеджерінің жіберген қателіктерін қалпына келтіру үшін қаржы көздерін іздегізу арқылы шара қолдануды қажеттілігі қаржы менеджерінің басты принциптерінің бірі болып есептелінеді. Екінші атқарым – шығын жасау немесе барлық ақша түсімдерін тарату және қайта таратуда байқалады. Соныменнен қаржы менеджерінің қолындағы қаржы магнитін уақытша бос ресурстарды таратып, оларды ең басымды және тиімді объектіге салған жөн.

Ұсыныс: Қазақстанның қаржы жүйесінің даму бағыттары мен негізгі жолдарын сапалық тұрғыда жетілдіретін мәселелерін зерттеу нәтижесінде келесі тұжырымдар мен ұсыныстар жасалынды:

1. Қазақстан Республикасының қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттіктің басты міндеттерінің бірі: сақтандыруды қадағалау органдары халықаралық қауымдастығының, Бағалы қағаздар жөніндегі халықаралық комиссияның, зейнетақы қадағалау органдары халықаралық ұйымының принциптерін енгізу жөніндегі жұмыстарды одан әрі жандандыру қажет.

2. Қазақстан Бүкіләлемдік сауда ұйымының талаптарында тұр. Соған орай Қазақстанның қаржы саласы халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеуді жолға кю қажет.

3. Қазақстан Республикасының алдында қойылған негізгі мақсаттардың бірі: әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену болса, онда бәсекелестікті арттыру мақсатында, оның ішінде бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы институттық инвесторлар арасында бәсекелестікті күшейту қажет және бағалы қағаздардың қайталама рыногын жандандыру мақсатында мемлекеттік емес бағалы қағаздардың тізімін кеңейту қажет.

4. Отандық қаржы рыногының және оның реттеу деңгейінің ерекшеліктерін ескере отырып Еуроодақ директиваларың, Банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің халықаралық стандарттарын жетілдіру қажет.

Барлық ұсынылып отырған шаралар қаржы жүйесінің жұмысын еліміздің тұрақты экономикалық өсуі жөніндегі талаптарға сай ұйымдастыруға жәрдемдесуі тиіс.

Қорытынды

Сонымен, курстық жұмысты қорыта келгенде, Қазақстан Бүкіләлемдік сауда ұйымының талаптарығында тұр. Соған орай Қазақстанның халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істеу жолға қойылған.

Еліміздің қаржы секторындағы шыққан биігінің мақтануға тұрарлық екенін айтуға тиіспіз. Президентіше айтқанда, «Қазақстанның қаржы секторындағы реформалардың табыстылығын өзіміз ғана емес, беделді халықаралық сарапшылар да мойындап отыр».

Биыл Астанада өткен Қазақстан қаржыгерлерінің VI конгресінде «Ұлттық банкке ішкі нарықтағы бағаны ретлеуге қатысты барлық өкілеттілік берілген. Осыны кәдеге жарату керек емес пе?! Өкімет те бағаның өсуіне жол бермеуге бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыруда тиіс», — деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Қазақстан Республикасының мемлекет басшысының мәлімдеуінде «Қаржылық секторды дамытудың тұжырымдамасында алға қойылған міндеттерді тұтастай алғанда орындалды. Негізгі мақсатқа қол жеткізіліп, еркін бәсекелестік жағдайында тиімді жұмыс істейтін қаржы жүйесі қалыптасты».

Бұл істе асыра айтылған пікір емес. Мәселен, Отандық банк жүйесінің жалпы, жеке капиталы тек қана 2003 жылдан бері қарай 5,6 есеге өсіп, 51,7 миллиард АҚШ долларына жеткен. 5,6 есеге! Әсіресе, екінші дәрежелі банктеріміздің жұлдызы жанып тұр. ТМД мемлекеттері банктері арасында алғы шептеміз. Олардың активтері жалпы ішкі өнімнің 75,4 пайызын құрайды. Бұл - ТМД емес, Шығыс Еуропа елдеріндегімен шамалас көрсеткіш. Отандық қаржы нарығындағы басқа да бірқатар көрсеткіш бойынша осы мемлекеттерге жақындап келеміз. Ал қаржылық құрылымдар қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына көшіп алған. Бұл жағынан біз керек десеміз, Ресейдің өзін шаңқалтырып кеттік.

Президент қаржыгерлер алдында: «Қаржы секторы біздің жекеменшік сектор мен мемлекет бірлесіп құрған мақтанышымыз әрі бәсекедегі басымдығымыз» дегенде осынау толағай табыс тарымызды есепке алса керек. Жалаң ұран емес. Алайда Нұрсұлтан Әбішұлының өзі жиі ескертетіндей, жетістіктерге тоқмейіلسу, масайрау жақсылыққа бастайтын жол емес.

Өйтсек, бәсекеге қабілетті алғанды елуікіге еңбек түтіні сол елудің шарында көре алмай қала береміз. Президент қаржы саласын әрі қарай дамыта түсу үшін бірқатар тапсырмалар берді. Атап өтетін болсам:

Біріншісі — отандық қаржы секторын дамытудың жаңа тұжырымдамасын жетілдіру. Тұжырымдама жобасы Өкіметте бірнеше рет талқылаудан да өтіп үлгеріпті. Президенттің пікірінше, Тұжырымдама жобадағыдай 3-жылдық емес, 5 немесе 10 жылдық, алыс көзжиекті қамтуы керек. «Ол дамудағы басымдықтар мен міндеттер айқын көрініс тапқан стратегиялық құжатымыз болады» деді мемлекет басшысы.

Екіншісі — қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен орнықтылығын нығайта түсу және дағдарыс қаупінің алдын алу. Нұрсұлтан Назарбаевтың пікірінше, несиелендіру көлемінің шектен тыс қарқынмен артуы ел экономикасына көлеңке түсіруі де әбден мүмкін. 2005 жылы күмәнде және үмітсіз банк міндеттемелері 61 пайызға ал биылғы тоғыз айда 47 пайызға өсіпті. Оның үстіне екінші дәрежелі банктер несиеге деп оңды-солды таратып жіберген қаражаттың басқа бөлігі шеттен келген арзан қарыз емес. Елбасының дерегінше, тек өткен жылдың өзінде ғана резидент емес тұрғындардан алынған қарыз көлемі 62 пайызға шарықтап шыға келіпті, ал банктердің сыртқы нарыққа салған несиелік бағалы қағаздары 3 есеге артқан. Сақтанатын жағдай ма?

Үшіншісі — Алматы қаласын қаржы орталығы ретінде дамыту. «Алматы қаласының инвестиция тарту мүмкіндігін арттыру, сондай-ақ ондағы туристік қызмет пен инфрақұрылымды дамыта түсу бойынша іс-қимыл жоспарын жасау керек. Мемлекетіміздің қаржыгерлерін Алматының қаржы орталығы ретінде қалыптасуына белсенді түрде ат салысуға шақырамын» - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Төртіншісі - Қаржы секторын Дүниежүзілік Сауда ұйымына (ДСҰ) кіруге әзірлеу. ДСҰ-ға кірдік деген сөз біздің нарыққа небір тіс қаққан ойыншылар мен ірі қаржы құрылымдары ағылып келіп, бәсеке күрт қыза түсетінін білдірсе керек. Осыған отандық қаржы құрылымдары дайын болмаса, бұған дейінгі табысымыздың далаға кеткені. Президенттің айтуынша,

Қазақстандық Банктер өз ішкілерінің, ашықтығын қамтамасыз ететін жұмыстарды жалғастыра түсуі керек және капиталды басқарудағы шетелдік тәжірибелермен санаспаса болмайды. Менеджмент пен қызмет сапасын жақсарту түсу де маңызды міндеттердің бірі екенін естен шығаруға болмайды.

Қазақстан Республикасының экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі қаржыгерлері қаржы секторын дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасын ұсынған. Тұжырымдаманың негізгі бір мақсаты - қаржы жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкес дамыту болып табылады. Құжатта, сондай-ақ халықтың банк өнімдеріне деген қолжетімділік деңгейін көтеру, зейнетақы қорларын дамыту, сақтандыру жүйесін жетілдіру, тағы басқалары көрініс тапқанын атап өту керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...